

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер!

Сіздерді халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысына қатысуға шақырамыз.

2019 жылғы 26 ақпанда Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты ІІО-ның жедел криминалистикалық қызметінің 100 жылдығына және Ақтөбе қаласының 150 жылдығына арналған «ІІО-ның криминалистері сот төрелігі қызметінде» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізеді.

Конференция жұмысына көрнекті ғалымдар — ғылым қызметкерлерімен қатар, құқық қорғау жүйесінің тәжірибелік органдарының қызметкерлері, мамандар мен сарапшылар, оқытушылар, отандық және шетелдік жоғары оқу орындарының ғалым құқықтанушылары қатыса алады.

Конференция жұмысы келесі басты бағыттар бойынша жоспарланып отыр:

- 1. Криминалистиканың теориясы мен тәжірибесі.**
- 2. Сот-сараптамалық қызметтің теориясы мен тәжірибесі.**
- 3. Криминалдық қызмет аясында жедел-ізвестіру қызметін жетілдірудің басты бағыттары.**
- 4. Сотқа дейінгі өндіріс шеңберіндегі құқық бұзушылықтарды ашу және тергеу.**

Конференция жұмысы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі.

Ұсынылған материалдар конференция жұмысы басталғанға дейін жарияланады.

Қатысу шарты: конференцияға қатысу үшін **2019 жылғы 10 ақпаннан** кешіктірмей, ұйымдастыру комитетіне өтінім (өтінім үлгісі ұсынылады) мен мәтінді қағазға басылған және электронды тасымалдағыштар түрінде жолдау қажет.

Конференция қатысушылары тегін жариялана алады.

Мақаланы рәсімдеуге қойылатын талаптар:

5-8 парақ көлеміндегі мақала Microsoft Word пішімінде; Times New Roman қарпінде; өлшемі – 14; жол аралығы -1,5; жиек сызықтары: сол жағы – 2 см., оң жағы – 2 см., жоғары және төменгі жақтары – 2 см-ден. Сілтемелерді автоматты түрде қою қажет (Alt+ctrl+f).

Бірінші жолда – автор(-лар)дың тегі, аты-жөні, лауазымы, шені, ғылыми дәрежесі (бір баяндамада немесе мәлімдемеде үш автордан артық көрсетілу құпталмайды), бір жолдан кейін ұйым, қала, автор(-лар)дың e-mail көрсетіледі.

Жоғарыда орта тұсында – баяндаманың аты бас әріптермен тасымалданбай, жартылай майлы әріптермен жазылады.

Бір жолдан кейін — мақала мәтіні. Қолданылған әдебиеттер тізімінің болуы міндетті. Тасымалданбайды. Материалдар барлық талаптарға сай мұқият редакцияланған болуы қажет. Аталған конференция тақырыбына, ресімдеу талаптарына сәйкес келмейтін және ұйымдастыру комитетіне бекітілген мерзімнен (**2019 жылғы 10 ақпаннан**) кешіктіріліп ұсынылған мақалалар конференция материалдарының жинағына енгізілмейді және авторға қайтарылмайды. Материалдар авторлық редакцияда жарияланылады.

Қатысуға өтінім

Автордың тегі, аты, әкесінің аты _____
Жұмыс орны, лауазымы _____
Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы _____
Арнайы (әскери) атағы _____
Мекеменің атауы _____
Мекеменің мекенжайы мен пошталық индексі _____
Мақаланың тақырыбы _____
Секция атауы _____
Қатысу нысаны (келіп қатысу/сырттай) _____
Мультимедиялық сүйемелдеудің қажеттілігі (егер қажет болса, қандай) _____
Байланыс телефондары, эл. пошта _____

«Өтінімдерде» ешқандай **қысқартулар мен аббревиатурларға** жол берілмейді.

Ұйымдастыру комитетіне көрсетілген мерзімнен кейін келіп түскен өтінімдер қаралмайды, баяндама материалдары жарияланбайды.

Жүріп-тұру, тамақтану шығындары конференцияға жіберуші тараптың қатысушысы есебінен жүзеге асырылады.

Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы, Курсанттар тас жолы – 1, Қазақстан Республикасы ПМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты. Қосымша мәліметтер алу үшін +7(7132) 972918 (120-ішкі) телефоны, +77762186388, +77712063231 (ватсап),: ooniirir@yandex.kz эл.поштасы бойынша байланыса аласыз.

Игі құрметпен, ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ КОМИТЕТ.